# МАЗМҰНЫ


Алғы сөз ........ 2

Қазақстан статистикасының тарихы ........ 3

Агенттіктің халықаралық ынтымақтастығы ........ 4

Екіжақты ынтымақтастық ........ 5

Көпжақты ынтымақтастық ........ 9


# СОДЕРЖАНИЕ


Предисловие ........ 17

История статистики Казахстана ........ 18

Международное сотрудничество Агентства ........ 19

Двустороннее сотрудничество ........ 20

Многостороннее сотрудничество ........ 24



## АЛҒЫ СӨЗ

*Статистика өмір шындығын сандар арқылы көрсетеді. Ол мемлекеттік мәселелердің дұрыс шешімін қабылдау үшін, олардың алдын алу үшін, сонымен қатар қоғам мен тұтасымен елдің даму динамикасын бақылау үшін қажет.*

*Қазақстан статистикасы негізінен елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына, азаматтардың тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, соның ішінде кедейшілік, денсаулық сақтау, білім беру, индустриялық даму және басқа да маңызды мәселелердің шешілуіне бағытталған.*

*Статистиканың айқындылығын, нақтылығын, сенімділігін қамтамасыз ету үшін халықаралық тәжірибе алмасу және шетелдік әріптестермен өзара тығыз қарым – қатынас ең маңызды болып табылады.*

*Біз әрқашан жұмысымыздың стандарттарын және қызметкерлердің біліктілігін арттыруға тырысамыз. Біз халықаралық және шетелдік әріптестермен ынтымақтастық үшін әрқашан ашықпыз және баршаға пайдалы болуға қуаныштымыз.*

*Жақын арада Агенттікпен статистика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Бұл Қазақстан жақын болашақта өзге дамушы елдердің статистикалық әлеуетінің дамуында көмек көрсете алады деген сөз.*

*Халықаралық ынтымақтастық саласындағы біздің жұмысымыз баршамызға ең жақсы нәтижелер әкеледі деп үміттенемін.*

***Әлихан Смайылов***
***Төраға***

# ҚАЗАҚСТАН СТАТИСТИКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Соңғы он алты жыл Агенттік үшін келесі негізгі даму кезеңдерімен белгіленуі мүмкін:

1. **1993-1996 жж.** – Агенттікті негізгі халықаралық қатынастарды және халықаралық статистикалық ұйымдарда мүшелікті қамтамасыз ететін, бұрын Мәскеуде шоғырланған негізгі әдіснамалық ноу-хау құрған ұлттық орган ретінде қалыптастыру, ҰШЖ 93 – 1993 жылғы ұлттық шоттар жүйесі халықаралық стандарттың енгізілуі;

2. **1997-2006 жж.** – қолдағы бар ҰШЖ шоттардың әрі қарай жетілуі және ҰШЖ интеграцияланған шоттар мен кестелерін құру жөніндегі әдіснаманы игеру, халықаралық сыныптамаларды статистикалық өндірістің барлық дерлік салаларына енгізу, статистикалық тіркелімдердің экономикалық статистика саласындағы статистикалық қызметтің негізгі құралы ретінде дамуы, ақпараттық технологиялардың техникалық ынтымақтастықтың үздіксіз донорлық бағдарламалары негізінде белсенді қолданылуы;

3. **2007-2009 жж.** – әдіснамалар мен сыныптамаларды толықтай қайта қарастыру, деректерді қалыптастыру бойынша халықаралық стандарттарды қабылдау және деректерді автоматтандырылған жүйемен өңдеуді дамыту, деректерді сақтаудың жаңа ұстанымдарды енгізу және метадеректер жүйесінің дамуы нәтижесінде Агенттік жаңа құрылымдық өзгерістердің алдында өтпелі кезеңге өтті, яғни, донорлық бағдарламалардың аяқталуы;

4. **2010 ж.** – халықаралық ынтымақтастықтың белсенділену кезеңі, екіжақты қатынастардың нығаюы, халықаралық озық тәжірибенің зерттелуі, ұлттық әріптестермен бірлескен әдіснамалық жұмыстардың іске асырылуы, статистикалық әлеуеттілікті дамыту жөніндегі жобалардың іске асырылуы.

# АГЕНТТІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Халықаралық статистикалық ынтымақтастықтың мақсаты халықаралық статистикалық жүйенің әлеуетін жақсарту, деректердің салғастырмалылығын жақсарту, статистикалық әдіснамаларды дамыту, сондай-ақ халықаралық статистикалық деректерді пайдалануда біліммен алмасуды алға бастыруда жатыр. Қазақстан статистикасының халықаралық ынтымақтастығының стратегиялық мақсаты - халықаралық аренада жоғары сапалы және үйлесімді статистикалық ақпаратпен сенімді әрі маңызды әріптес болу.

Халықаралық статистикалық ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымының Статистикалық комиссиясының арнайы сессиясында қабылданған ресми статистиканың іргелі принциптерінің бірі болып табылады. Халықаралық стандарттарды ұлттық деңгейде пайдалану, әсіресе даулы жағдайларда халықаралық салыстырмалықтың жақсаруына, шешімдердің бейтараптылығының ұлғаюына әсіресе даулы жағдайларда ықпал етеді. Оған қоса, тек қана ұлттық статистикалық қызметтердің халықаралық стандарттарды белгілеу және қайта карауда белсенді қатысуы ғана халықаралық стандарттардың дәейектілікке, орындылыққа және сенімділікке жетуіне ықпал етеді.

Агенттіктің халықаралық әрекеттестігі халықаралық статистикалық әдіснамаларды стандарттар мен сыныптамаларды қабылдау, заманауи құралдар, ақпараттық және комуникациялық технологияларды игеру, аппарат қызметкерлерінің білімі мен дағдыларын жетілдіру, олардың кәсіптік құзыреттілігін арттыру сияқты бағыттар бойынша халықаралық ұйымдар мен шет елдер статистикалық қызметтерімен үнемі ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылады.

Халықаралық статистикалық ынтымақтастық екіжақты және көпжақты ынтымақтастыққа бөлінеді.

1994 жылы 11-15 сәуірдегі БҰҰ Статистикалық Комиссиясының арнайы сессиясында қабылданған ресми статистиканың іргелі принциптері «статистика саласындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық ресми статистика жүйесінің барлық елдерде жақсаруына көмектеседі» деп, тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы мен баска мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдар арасындағы мемлекеттік статистика саласындағы өзара қарым-қатынастары қатысушысы Қазақстан Республикасы болып та-

былатын, Қазақстан Республикасы заңмада («Мемлекеттік статистика туралы ҚР Заңы») белгіленген тәртіппен құқықтық теңдік және өзара қызығушылық қағидаларына негізделген, екіжақты және көпжақты халықаралық келісімдердің негізінде анықталады.

## ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі ұлттық статистикалық қызметтермен серіктестік байланыстарды кеңейтуді жалғастыруда. Бірлескен жобалар, қол қойылған келісімдер мен меморандумдар шеңберінде Агенттікпен өз статистикалық әлеуетін өркендету бойынша қызмет атқарылуда, сондай-ақ консультациялық көмек көрсетіледі, тәжірибе алмасу жүзеге асырылуда.

### Норвегия

2005-2007 жылдары ынтымақтастық «Қазақстан статистикасына техникалық көмек. Фаза 1» жобалық ынтымақтастығы шеңберінде жүзеге асты. 2008 жылдың сәуіріндегі Агенттік делегациясының Норвегияға іссапары нәтижелері бойынша техникалық ынтымақтастықтың екінші фазасына өткізумен жобалық ынтымақтастықты 2010 жылға дейін ұзарту жөнінде шешім қабылданды. Жобалардың іске асырылуы оқу сапарлары, миссиялар мен семинарлар кейпінде өтеді. Ынтымақтастық статистиканың көп салаларын қамтиды: ұлттық шоттар, еңбек статистикасы, халық тіркелімдері, бизнес тіркелім, деректерді тарату және жарияланымдар дизайны. 2008 жылғы 31 қазанда Астанада Агенттік пен Норвегия статистикасы арасындағы өзара түсіністік






жөніндегі меморандумға қол қойылды. Қазіргі кезде сапаны басқару, ұлттық шоттар, тіркелімдер мен баға статистикасы бойынша жобалар жүзеге асырылып жатыр, олардың шеңберінде екі ел мамандарының өзара сапарлары ұйымдастырылады.

## Германия

1993 жылдан бері Агенттік Германияның Федералдық статистикалық басқармасымен ТАСИС бағдарламасы шеңберінде, Техникалық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамдастығы бағытында, сондай-ақ екіжақты негізде жемісті ынтымақтасуда.

ТАСИС раундтарының көбінде әртүрлі халықаралық әдіснамаларды енгізу және қабылдауда Германия статистикалық қызметі Агенттікке көмек көрсетті. Еңбек нарығы, инвестиция, туризм, экология, кіші бизнес статистикасы, статистикалық ақпаратты тарату, ақпараттық технологиялар, статистикалық жүйенің аймақтық құрылымы сияқты салаларында жобалар жүзеге асырылды.

Агенттіктің Германия статистикалық қызметімен ынтымақтастығы Техникалық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамдастығының «Қазақстан статистикасына көмек көрсету» жобасы бойынша да іске асырылды. Жоба келесі компоненттерді қамтыды: еңбек нарығы, баға мен инновациялар статистикасы, өмір сүру деңгейі көрсеткіштері, аймақтық статистика.

Агенттік пен Германия статистикалық қызметі арасындағы өзара пайдалы ынтымақтастық сонымен қатар екіжақты негізде жүзеге асырылып жатқандығын да атап өткеніміз жөн. 2003 жылы статистика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды. 2007 жылы қолданыстағы информациялық жүйемен танысу мақсатында Агенттік қызметкерлері Германия статистикалық басқармасына іссапармен болып қайтты. Сонымен қатар, 2007-2008 жылдар аралығында Агенттікте тренинг орталық құру жөнінде тұрақты консультациялар жүргізілді. 2008 жылдың тамызында Висбаденде Корей статистикалық институтының, Дүниежүзілік банкттің, Германия статистикалық басқармасы мен Агенттіктің қатысуымен статистика саласындағы тренингтерді өткізу мәселелері бойынша семинар ұйымдастырылды. 2008 жылғы желтоқсан айында Германия статистикалық қызметінің қызметкерлері өзара әрекеттестіктің жалпы шеңберін анықтау мақсатында Астанада болды, коммерциялық қызмет статистикасы мен сыртқы сауда сияқты басым салалары анықталды.

Қазіргі кезде сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-герман үкіметаралық жұмыс тобы шеңберінде біз коммерциялық қызмет статистикасы бойынша ынтымақтасамыз.

## Түркия

Агенттіктің Түркия Республикасының Мемлекеттік статистикалық институтымен және шеңберінде делегациялармен алмасу, консультациялар өткізіліп, оқу курстары жүргізіліп жатқан Түркияның ынтымақтастық пен даму бойынша агенттігімен ынтымақтастығын ерекше атап өту қажет. Ынтымақтастықпен статистиканың түрлі салалары, соның ішінде ұлттық шоттар, еңбек пен ауыл шаруашылығы статистикасы, сонымен қатар ақпараттық технологияларды енгізу қамтылды. 2009 жылы Агенттіктің 27 қызметкері Түркия Статистикалық институтымен өткізілген статистика бойынша курстарға қатысты. Ал, 2010 жылғы 11 ақпанда Түркия Сыртқы істер министрінің Қазақстанға сапары барысында Агенттік пен Түркия Республикасының Статистикалық институты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды, бұл қалыптасқан шынайы өзара қарым-қатынастардың жалғасуының және кеңеюінің негізі болып табылады.




## Ресей Федерациясы

Ресей Федерациясының Мемлекеттік статистика федералдық қызметімен Агенттік ТМД Статистикалық комитеті, Кеден одағы шеңберінде және екіжақты негізде әрекеттеседі. Тұрақты түрде жұмыс кездесулері өткізіледі, тәжірибе алмасу мақсатымен семинарлар ұйымдастырылады. Осылайша, 2008 жылдан бері ұлттық шоттар жүйесі, баға мен сауда статистикасы бойынша бірқатар шаралар өткізілді. Агенттік мамандары ұлттық шоттар үшін ықпалдастырылған ақпараттық жүйе бойынша танысу сапарымен Росстатқа барды.

## Тәжікстан

2009 жыл бойы Агенттік мамандары екі рет Астанаға сапармен келген Тәжікстан Республикасының статистикалық

қызметіне кеңестік көмек көрсетті. Кеңес беру қоршаған орта, ауыл шаруашылығы, сауда статистикасы сияқты салалар бойынша жүргізілді. 2010 жылы басты мақсаты халық санағын өткізу бойынша консультациялық көмек алу болып табылған Тәжікстан Республикасы Президентінің жанындағы Статистика агенттігінің қызметкерлерінің Астанаға тағы да сапары болды. Аталған сапар нәтижесінде Тәжікстандағы алдағы санақты өткізу барысында көмек көрсету туралы келісімге қол жеткізілді.

## Әзербайжан

2010 жылдың басында Агенттікке Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік Статистика комитетінің қызметкерлері келді. Бір апта бойы құрылымдық бөлімшелермен сапа менеджменті жүйесі, деректерді тарату, тіркелімдер мен сыныптамалар, аумақтық статистика органдарымен жұмыс сияқты мәселелер бойынша кездесулер өткізілді.

## Беларусь

2009 жылғы қарашада халық санағын өткізу және оның деректерін өңдеу бойынша тәжірибені зерделеу мақсатында Агенттікке Беларусь Республикасы статистикалық қызметінің өкілдері келді. Сапар барысында белорустық әріптестер 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының нәтижелерін дайындау, өткізу, өңдеу және таратумен байланысты қызметтің барлық спектрімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

## Басқа елдер

Қазақстан Статистикасы ұлттық статистикалық қызметтердің кең ауқымымен белсенді ынтымақтасады. Жаңа қарым-қатынастар қалыптасуда, арадағы бар байланыстарға қолдау көрсетілуде. Қолдағы бар ынтымақтастық туралы екіжақты келісімшарттарға қосымша ретінде соңғы екі жыл ішінде тағы да сол тектес бес құжатқа қол қойылды. Норвегия және Түркиямен меморандумдардан басқа, 2008 жылғы 3 қазанда Латвия Президентінің Қазақстанға ресми сапары барысында Агенттік пен Латвия Республикасының Экономика министрлігі арасында Статистика саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. 2010 жылғы 2 наурызда Астана қаласында Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смайылов және Румынияның Ұлттық статистика институтының вице-президенті Николае Стэнике Статистика

саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Кореяға ресми сапары барысында, 2010 жылғы 23 сәуірде екі елдің статистикалық қызметі басшылары Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.




*Меморандумға қол қою, Дэжон қ., 23 сәуір 2010 ж.*

Ынтымақтастық жөнінде жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Агенттік тәжірибесіне озық тәжірибе енгізу үшін қажетті байланыстар орнатылды. Статистикалық жүйені жетілдіруге бағытталған консультациялар, семинарлар және басқа елдердің әріптестерімен кездесулер өткізіледі. Соңғы кезде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша Италияның Ұлттық статистика институтымен, экспорттық жеткізілімдер және импорттық түсімдер бағасының индекстері бойынша – Литваның Статистика департаментімен, метадеректер бойынша Хорватиямен өзара іс-әрекет жүзеге асырылды. Дания статистикасы ұлттық шоттарды қалыптастырудың бірқатар аспектілері бойынша және Канада – ауыл шаруашылығы және шағын бизнес статистикасы бойынша кеңес көрсетті.

Агенттік халықаралық статистикалық ынтымақтастықтың мұндай тиімді саясатында дамудың ең жақсы нәтижелеріне қол жеткізе алады.

## КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН СТАТИСТИКАСЫ

Агенттік көпжақты деңгейде БҰҰ Статкомиссиясымен, БҰҰ Европалық экономикалық комиссиясының статистика бөлімдерімен, БҰҰ Азия және Тынық мұхит үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясымен, Экономикалық ынтымақтастық ұйымымен, Дүниежүзілік

банкпен және т.б. ұйымдармен өткізілетін көптеген халықаралық іс-шараларға белсенді қатысады. Агенттік қызметкерлері конференцияларға, семинарларға, әртүрлі сараптау топтарының жұмыстарына қатысады.

## Біріккен Ұлттар Ұйымының Статистикалық комиссиясы (БҰҰ Статкомиссиясы)

БҰҰ Статкомиссиясы демографиялық, әлеуметтік және экономикалық статистика әдістемелерін жасай отырып, ресми статистикадағы сәйкестендіруге дүниежүзілік масштабта жауап береді. Комиссия мемлекеттерге статистикалық мәліметтерді сұрыптау және жинақтау жұмыстарын жақсартуға көмектеседі. Қазақстан БҰҰ Статистика бөлімімен өзара әрекеттесіп, БҰҰ Статкомиссиясының жыл сайынғы сессиясына қатысады.

## БҰҰ Европалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК)

БҰҰ аймақтық комиссиясы аймақ ішінде, сонымен қатар осы аймақпен өзге әлем арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту және экономикалық қызметті дамыту мақсатында құрылды. БҰҰ ЕЭК өз қызметін транспорт, қоршаған орта, энергетика, сауда, экономикалық



*Астанадағы МДМ көрсеткіштерін жариялау семинары*

ынтымақтастық және интеграция, соның ішінде статистика саласында жүзеге асырады.

Комиссия статистиканы дамытуда Қазақстаның статистикалық жүйесіне халықаралық статистикалық қоғамдастықта интеграциялауда қолдау және көмек көрсетеді. 2007-2008 жж. Азия және Тынық мұхит үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясымен бірлесе отырып, Қазақстанның статистикалық жүйесін жаһандық бағалау өткізілді. Қазіргі таңда Агенттік БҰҰ ЕЭК-пен жаңа формат шеңберінде ынтымақтасады – статистика салалары бойынша әдістемелік аспектілердің оқытылуы және жұмыс аяқталғаннан кейін қысқа мерзімді саминарлар өткізу. Баға, еңбек статистикасы, демографиялық статистиканың әдістемелік мәселелері бойынша бірлескен жұмыстар мен семинарлар өткізілуде.

2009 жылы Астанада БҰҰ ЕЭК жәрдемімен Мыңжылдық даму мақсаттары көрсеткіштері бойынша екі халықаралық семинар өткізілді.

Қазақстан статистикасы жыл сайын Еуропа статистиктері конференциясының жалпы сессиясына қатысады.

## БҰҰ Азия және Тынық мұхит үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (АТМЭӘК)

БҰҰ аймақтық комиссияларының бірі. АТМЭӘК Статистика комитеті Азия - Тынық мұхит аймағындағы статистика мәселелерімен айналысады. 2009-2011 жж. кезеңінде Казақстан Комитет бюросының вице-төрағасы болып табылады. Бұл контексте, Агенттік АТМЭӘК Статистика комитетінің айқындамасын статистикалық қызметті негізгі аймақтық үйлестіруші ретінде бекітуге, сондай-ақ Комитеттің Орталық және Солтүстік Азия субөңірінде ұлттық органдармен және өңірлік ұйымдармен өзара әрекеттестігі бойынша қызметінің кеңеуі үшін ықпал етеді. Сонымен қатар, аталмыш ұйымның аясында Қазақстан жұмысқа жарамсыздық статистикасы бойынша пилоттық ел болып табылады, статистика салалары бойынша семинарлар мен курстарға қатысады.

## Азия - Тынық мұхит үшін Статистикалық институт (АТМСИ)

АТМСИ статистика саласындағы адам ресурстарының біліктіліктерін арттыруды жүзеге асыратын және ұйымдастырумен айналысатын бірегей ұйым болып табылады. Агенттік статистика салалары бойынша қысқа мерзімді курстарға қатысады. Агенттік қызметкерлері үй шаруашылығы, экономикалық статистика, ұлттық шоттар және

т.б. іріктеме зерттеулер бойынша курстардың тыңдаушылары болды. Агенттіктің АТМЭӘК Статистикалық комитеті Бюросының құрамына сайлануына байланысты, Қазақстан статистикасы Агенттік тарапынан тыңдаушылар санын көбейту және аймақтық семинарлар қабылдау жолымен АТМСИ-мен қатынасын дамытуға мүдделі.

## БҰҰ Тұрғын халық қоры (ЮНФПА)

Мемлекеттерге репродуктивті денсаулықпен айналысатын денсаулық сақтау бағытын, сондай-ақ жеке таңдау негізінде әрекет ететін және тұрғын халық саласында саясатты әзірлейтін отбасын жоспарлау қызметтерін жетілдіруіне көмек көрсететін халықаралық ұйым. ЮНФПА Қазақстан статистикасына тұрақты сараптау және қаржылық көмек көрсетеді.

## Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ)

Бала құқығын қорғау, Балалардың қауіпсіз, дені сау және бақытты балалық шаққа құқығын қолдау – ЮНИСЕФ жұмысының басты мақсаты.

2006 жылы ЮНИСЕФ және Агенттікпен Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу (МИКЗ) жүргізілді. Қазақстанда бірінші рет өткізілген осы зерттеу елдегі әйелдер мен балалар жағдайына қатысты үлкен қабатта ақпараттар ұсынды. МИКЗ деректері әйелдер мен балалар назарындағы әлеуметтік даму және жоспарлау үшін үкіметке, азаматтық қоғам институттарына, үкіметтік емес ұйымдарға, халықаралық агенттіктерге пайдалы.

Қазіргі таңда МИКЗ кезекті раундын Қазақстанда өткізуге дайындық жүргізілуде. Осыған байланысты Агенттік пен ЮНИСЕФ арасында өзара түсіністік меморандумына қол қою жоспарлануда.

## Еуропалық Одақтың Статистикалық басқармасы (Еуростат)

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік туралы келісімге сәйкес статистика саласындағы екіжақты ынтымақтастық Қазақстан Республикасында жекеменшік мекемелердің дамуы және экономикалық өзгеріс үрдістерінің мониторингі үшін қажет дәйекті статистикалық ақпаратпен қамтама-сыз ету мақсатында статистикалық жүйелердің тиімділігін әрі қарай дамытуға бағытталған.



Ынтымақтастықтың жарқын мысалдарының бірі ТАСИС бағдарламасы – дамушы елдерге техникалық көмек болып табылады. 1993-2007 жылдарда ТАСИС бағдарламасы раундтарына сәйкес статистикалық инфрақұрылым, мекемелер статистикасы экономикалық және әлеуметтік статистика бағыттары сияқты 39 жоба жүзеге асырылды. Шамамен 250 халықаралық сарапшылардың қатысуымен 300-ге жуық іс-шаралар (кеңестер, конференциялар, семинарлар) өткізілді.

ТАСИС бағдарламасы аяқталған соң Агенттік пен Еуростаттың бірлескен ынтасымен ынтымақтастықты әрі қарай жалғастыруды шешіп, қазіргі уақытта өзара түсіністік меморандумына қол қою туралы келіссөздер жүргізілуде. Сонымен қатар Еуростатпен өзара әрекет СДКБ және ҚР Үкіметі арасындағы жобалар шеңберінде жүзеге асырылады. Мысалға, 2008 жылғы қарашада тіркелімдер мен сыныптамалар бойынша Голландиядан сарапшының кеңес сапары өтті, ал 2009 жылы ІЖӨ автоматизациясының оқытылуы бойынша бірлескен жұмыстар өткізілді.

## ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеті (ТМД Статкомитеті)

ТМД Статкомитеті қызметінің негізгі бағыттары Достастықтың қатысушы-мемлекеттерінде мемлекеттік статистиканы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен жүзеге асырылуына қарай және жалпы қабылданған есеп пен статистика жүйесінде халықаралық тәжірибеде реформалауға жәрдемдесу, сондай-ақ статистикалық ақпаратпен көпжақты алмасу және Достастық аясындағы жалпы ақпараттық-статистикалық кеңістікті дамыту болып табылады. Агенттікпен өзара әрекеттестік келісілген әдіснама бойынша ұсынымдарды жасап шығару және статистикалық қызметті бірлескен үйлесімде, соның ішінде мемлекеттік статистиканы реформалаумен байланысты, кадрларды оқыту, семинарлар мен өзге де іс-шараларды өткізу, статистикалық және ақпараттық бюллетеньдерді басып шығаруды білдіреді. Төраға Смайылов Әлихан Асханұлы тұлғасында Агенттік ТМД елдерінің статистикалық қызмет басшылары Кеңесінің құрамына енеді.

Халықаралық салыстырулар бағдарламасының жаһандық раунды шеңберінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен ТМД аймағында ЖІӨ халықаралық салыстыруларды өткізу туралы өзара түсіністік меморандумына 2010 жылғы 2 сәуірде қол қойылды.

## Дүниежүзілік банк

Дүниежүзілік банк пен Агенттік арасындағы ынтымақтастық бірлескен экономикалық зерттеулердің жыл сайынғы үкіметтік бағдарламалар шеңберінде жүргізілді. Агенттікке Статистикалық мастер жоспарды әзірлеуде жәрдем көрсетілді, кедейшілік статистикасының жақсаруы бойынша, жұмыссыздық бағамы және үй шаруашылығын зерттеу бойынша әдіснамалық көмек қамтамасыз етілді.

Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықта 2010 жылы Қазақстан статистикасының кешенді даму жүйесі бойынша жұмысы басталды. Бұл мақсаттарға Дүниежүзілік банктен қарыз ұсынылатын болады. Жаңа мәселелерді анықтау мақсатында бірінші кезеңде Статистикалық мастер жоспарды жаңарту жүргізілетін болады.

## Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)

Агенттік ХВҚ-мен деректерді таратудың арнайы стандарты (ДТАС) шеңберінде ынтымақтасады. ДТАС ХВҚ-ның бастамасы және метадеректердің дүниежүзіндегі ірі қоймасы болып табылады. ДТАС-тың маңызды екі талабы – тарату графигі ретінде қызмет атқаратын алдын ала шығарылым күнтүзбесі және көрсеткіштердің мәнімен метадеректерді байланыстыратын мәліметтердің қысқа шолуы бар ұлттық бет болып табылады.

ХВҚ қаржы статистикасы бойынша Вена институтында, сонымен қатар біздің қызметкерлер жиі қатысатын ұлттық шоттар бойынша Вашингтонда оқу курстарын ұйымдастырады.

## Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ)

Агенттік ЭЫҰ-мен мүше-мемлекеттердің статқызмет басшыларының жыл сайынғы шақыру, сарапшы топтардың кездесулері, статистика және зерттеулер бойынша ұлттық үйлестірушілер отырыстары шеңберінде, сондай-ақ ЭЫҰ редакция алқасының жұмысында әрекет етеді.

2010 жылғы 27-28 мамырда Астана қаласында Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Экономикалық ынтымақтастық ұйымының мүше елдерінің статистикалық қызметтері басшыларының екінші отырысы өткізілді.




*Экономикалық ынтымақтастық ұйымы мүше елдерінің ұлттық статистикалық қызметтері басшыларының екінші отырысы*

## Басқа ұйымдар

Қалған халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық та маңызды. Жыл сайын Агенттіктің ХВҚ, Біріккен Вена институтымен, Даму және ынтымақтасу бойынша түрік агенттігімен (ТІКА), халықаралық ынтымақтастық бойынша Корей және Жапония (KOICA және JICA) агенттіктерімен және т.б. өткізілетін біліктілікті арттыру оқу курстарына өзінің қызметкерлерін жіберуге мүмкіншілігі бар. Халықаралық еңбек ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Ислам Конференциясы ұйымы шеңберінде әртүрлі кеңестер өткізілуде. Сонымен қатар, Агенттік Қазақстан бойынша статистикалық ақпараттарды ұдайы негізде және арнайы сұрау салулар бойынша мүдделі ұйымдарға ұсынады.



*JICA курсында*



*Статистикалық сыныптама бойынша TIKA семинарының қатысушылары*



# ПРЕДИСЛОВИЕ

*Статистика отражает реальность жизни в цифрах. Она необходима для принятия правильных решений государственных проблем, для их предупреждения, а также для наблюдения динамики развития общества и страны в целом.*

*Статистика Казахстана направлена прежде всего на улучшение социально-экономического положения в стране, повышение уровня жизни людей, в том числе на решение проблем бедности, здравоохранения, образования, индустриального развития и других не менее важных вопросов.*

*Ничто не является настолько важным для обеспечения достоверности, точности и надежности статистики, как обмен международным опытом и тесное взаимодействие с зарубежными партнерами.*

*Мы всегда стремимся повышать стандарты нашей работы и квалификацию сотрудников. Мы открыты для сотрудничества с международными и зарубежными партнерами и рады быть полезными для всех.*

*В ближайшие годы Агенством будет проводиться работа по продвижению международного сотрудничества в сфере статистики на новый уровень. Это значит, что в скором будущем Казахстан сможет оказывать содействие в развитии статистического потенциала других развивающихся стран.*

*Надеюсь, наша работа по международному сотрудничеству принесет самые лучшие результаты для всех нас.*

***Алихан Смаилов***
***Председатель***

## ИСТОРИЯ СТАТИСТИКИ КАЗАХСТАНА

Последние шестнадцать лет для Агентства могут быть отмечены следующими основными этапами развития:

1. **1993-1996 гг.** – формирование Агентства как национального органа, создающего основной методологический ноу-хау, который ранее был сконцентрирован в Москве, обеспечивающего основные международные отношения и членство в международных статистических организациях, внедрение международного стандарта СНС 93 – системы национальных счетов 1993 года;

2. **1997-2006 гг.** – дальнейшее совершенствование имеющихся счетов СНС и освоение методологии составления интегрированных счетов и таблиц СНС, внедрение международных классификаций фактически во всех сферах статистического производства, развитие статистических регистров как основного инструмента статистической деятельности в области экономической статистики, активное использование информационных технологий на основе продолжительных донорских программ технического сотрудничества с международными институтами;

3. **2007-2009 гг.** – в результате полного пересмотра методологий и классификаций, принятия международных стандартов по формированию данных и развития автоматизированной системы обработки данных, внедрения новых подходов хранения данных и развития системы метаданных, Агентство вступило в переходный этап перед новыми структурными изменениями – завершение донорских программ;

4. **2010 г.** – этап активизации международного сотрудничества, налаживание двусторонних взаимоотношений, изучение мирового передового опыта, реализация совместных методологических работ с национальными партнерами, реализации проектов по развитию статистического потенциала.

# МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА

Цель международного статистического сотрудничества состоит в улучшении потенциала международной статистической системы, улучшении сопоставимости данных, развитии статистических методологий, а также в продвижении обмена знаниями, в использовании международных статистических данных.

Стратегическая цель международного сотрудничества Статистики Казахстана – стать надежным и значимым партнером на международной арене с высококачественной и гармонизированной статистической информацией.

Международное статистическое сотрудничество является одним из принятых на специальной сессии Статистической комиссии Организации Объединенных Наций фундаментальных принципов официальной статистики. Использование международных стандартов на национальном уровне способствует улучшению международной сравнимости, увеличению беспристрастности решений, особенно в спорных случаях. Вместе с тем, только активное участие национальных статистических служб в устанавливании и пересмотре международных стандартов способствует достижению достоверности, уместности и надежности международных стандартов.

Международное взаимодействие Агентства реализуется в рамках постоянного сотрудничества с международными организациями и статистическими службами зарубежных стран по таким направлениям, как принятие международных статистических методологий, стандартов и классификаций, освоение современных инструментов, информационных и коммуникационных технологий, совершенствование знаний и навыков работников аппарата, повышение их профессиональной компетентности.

Международное статистическое сотрудничество подразделяется на двустороннее и многосторонее сотрудничество.

Фундаментальные принципы официальной статистики, принятые на специальной сессии Статистической комиссии ООН 11-15 апреля 1994 года заявляют, «двустороннее и многостороннее сотрудничество в области статистики содействует улучшению систем официальной статистики во всех странах».

Взаимоотношения в области государственной статистики между Республикой Казахстан и другими государствами или международными организациями определяются на основе двусторонних и многосторонних международных договоров, участницей которых является Республика Казахстан, основанных на принципах равноправия и взаимных интересов в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан (Закон РК «О государственной статистике»).

## ДВУСТОРОННЕЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Агентство Республики Казахстан по статистике продолжает расширять партнерские связи с национальными статистическими службами. В рамках совместных проектов, заключенных соглашений и меморандумов Агентством ведется деятельность по наращиванию своего статистического потенциала, а также оказывается консультационная помощь, осуществляется обмен опытом.

### Норвегия






В 2005-2007 годах сотрудничество реализовывалось в рамках проектного сотрудничества «Техническая помощь статистике Казахстана. Фаза 1». По итогам визита делегации Агентства в Норвегию в апреле 2008 года было решено продлить проектное сотрудничество до 2010 года с переходом на фазу 2. технического сотрудничества. Реализация проектов проходит в форме учебных визитов, миссий и семинаров. Сотрудничество охватывает большинство направлений статистики: национальные счета, статистика труда, регистр населения, бизнес регистр, распространение данных

и дизайн публикаций. 31 октября 2008 года в Астане был подписан Меморандум о взаимопонимании между Агентством и Статистикой Норвегии. В настоящее время реализуются проекты по управлению качеством, национальным счетам, регистрам и статистике цен, в рамках которых осуществляются взаимные визиты специалистов двух стран.

## Германия

Начиная с 1993 года Агентство плодотворно сотрудничает с Федеральным статистическим управлением Германии в рамках программы ТАСИС, по линии Германского общества по техническому сотрудничеству, а также на двусторонней основе.

Статистическая служба Германии оказывала содействие Агентству во внедрении и принятии различных международных методологий в большинстве раундов ТАСИС. Были реализованы проекты в таких областях, как статистика рынка труда, инвестиций, туризма, экологии, малого бизнеса, распространение статистической информации, информационные технологии, региональная структура статистической системы.

Сотрудничество Агентства со статслужбой Германии осуществлялось также по проекту «Содействие статистике Казахстана» Германского общества по техническому сотрудничеству. Проект содержал следующие компоненты: статистика рынка труда, цен и инноваций, показатели уровня жизни, региональная статистика.

Следует отметить, что взаимовыгодное сотрудничество между Агентством и статслужбой Германии также осуществляется на двусторонней основе. В 2003 году было подписано Соглашение о сотрудничестве в области статистики. В 2007 году сотрудники Агентства посетили Статуправление Германии в целях ознакомления с используемой информационной системой. Также, в течение 2007-2008 годов осуществлялись постоянные консультации по созданию в Агентстве тренинг центра. В августе 2008 года в Висбадене был организован семинар с участием Корейского статистического института, Всемирного банка, Статуправления Германии и Агентства по вопросам проведения тренингов в области статистики. В декабре 2008 года сотрудники Статслужбы Германии посетили Астану в целях уточнения общих рамок взаимодействия, были определены приоритетные отрасли – статистика коммерческих услуг и внешней торговли. В настоящее время, в рамках казахстанско-германской межправительственной рабочей группы по торгово-экономическому сотрудничеству, мы сотрудничаем по статистике коммерческих услуг.

## Турция




Особо стоит отметить и сотрудничество Агентства с Государственным статистическим институтом Республики Турция и Турецким агентством по сотрудничеству и развитию, в рамках которого осуществляется обмен делегациями, проводятся консультации и организовываются учебные курсы. Сотрудничеством охвачены различные отрасли статистики, в том числе национальные счета, статистика труда и сельского хозяйства, а также внедрение информационных технологий. В 2009 году 27 сотрудников Агентства приняли участие в курсах по статистике, проведенных Статинститутом Турции. А 11 февраля 2010 года в ходе визита министра иностранных дел Турции в Казахстан был подписан Меморандум о сотрудничестве между Агентством и Статистическим институтом Республики Турция, что послужит основой для продолжения и расширения сложившихся добрых взаимоотношений.

## Россия

С Федеральной службой государственной статистики Российской Федерации Агентство взаимодействует в рамках деятельности Статистического комитета СНГ, Таможенного союза, а также на двусторонней основе. Регулярно проводятся рабочие встречи, организуются семинары по обмену опытом. Так, с 2008 года проведено несколько мероприятий по системе национальных счетов, статистике цен и торговли. Совершен ознакомительный визит в Росстат по интегрированной информационной системе для национальных счетов.

## Таджикистан

В течение 2009 года Агентством оказывалась консультационная помощь статистической службе Республики Таджикистан, чьи специалисты дважды приезжали в Астану. Консультации осуществлялись по таким отраслям, как статистика окружающей среды и сельского хозяйства, статистика торговли. В 2010 году состоялся еще один визит сотрудников Агентства статистики при Президенте Республики Таджикистан, главной целью которого было получение консультаций по проведению переписи населения. По итогам визита достигнута договорен-

ность об оказании содействия при проведении предстоящей переписи в Таджикистане.

### Азербайджан

В начале 2010 года Агентство посетили сотрудники Государственного комитета по статистике Республики Азербайджан. В течение целой недели проводились встречи со структурными подразделениями по таким вопросам, как система менеджмента качества, распространение данных, регистры и классификации, работа с территориальными органами статистики.

### Беларусь

В ноябре 2009 года в целях изучения опыта по проведению и обработке данных переписи населения в Агентстве побывали представители статистической службы Республики Беларусь. В ходе визита белорусские коллеги получили возможность ознакомиться со всем спектром деятельности, связанной с подготовкой, проведением, обработкой и распространением результатов Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года.

### Другие страны

Статистика Казахстана активно сотрудничает с широким кругом национальных статслужб. Налаживаются новые отношения, поддерживаются существующие связи. В дополнение к десяти имеющимся двусторонним договорам о сотрудничестве за последние два года были подписаны еще пять подобных документов. Кроме упомянутых ранее меморандумов со Статистикой Норвегии и Турцией, 3 октября 2008 года в ходе официального визита Президента Латвии в Казахстан был заключен Меморандум о сотрудничестве в области статистики между Агентством и Министерством экономики Республики Латвия. 2 марта 2010 года в Астане председатель Агентства Алихан Смаилов и вице-президент




*Подписание меморандума, г. Дэжон, 23 апреля 2010 г.*

Национального института статистики Румынии Николае Стэнике подписали Меморандум о взаимопонимании о сотрудничестве в области статистики. Также в ходе визита Президента Казахстана в Корею, 23 апреля 2010 года главы статслужб двух стран заключили Меморандум о сотрудничестве.

В результате проведенных работ по сотрудничеству были установлены необходимые связи для внедрения передового опыта в практику Агентства. Проводятся консультации, семинары, встречи с коллегами из других стран, направленные на совершенствование статистической системы. В последнее время осуществлялось взаимодействие с Национальным институтом статистики Италии – по статистике информационно-коммуникационных технологий, с Департаментом статистики Литвы – по индексам цен экспортных поставок и импортных поступлений, с Хорватией  по метаданным. Статистикой Дании оказывались консультации по некоторым аспектам формирования национальных счетов, и Канады – по статистике сельского хозяйства и малого бизнеса.

При такой эффективной политике международного статистического сотрудничества Агентство может достигнуть лучших результатов развития.

## МНОГОСТОРОННЕЕ СОТРУДНИЧЕСТВО: МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ И СТАТИСТИКА КАЗАХСТАНА

На многостороннем уровне Агентство принимает активное участие во многих международных мероприятиях, проводимых Статистической комиссией ООН, отделами статистики Европейской экономической комиссии ООН, Экономической и социальной комиссии для Азии и Тихого океана ООН, Организацией экономического сотрудничества, Всемирным банком и т.д. Сотрудники Агентства участвуют в конференциях, семинарах, в работе различных экспертных групп.

### Статистическая комиссия Организации Объединенных Наций (Статкомиссия ООН)

Статкомиссия ООН отвечает за гармонизацию официальной статистики в мировом масштабе, разрабатывая методологии по демографи-

ческой, социальной и экономической статистике. Комиссия помогает государствам улучшать работу по сбору и анализу статистических данных. Казахстан регулярно принимает участие в ежегодных сессиях Статкомиссии ООН, взаимодействует с Отделом статистики ООН.

## Европейская экономическая комиссия Организации Объединенных Наций (ЕЭК ООН)

Региональная комиссия ООН, была учреждена с целью развития экономической деятельности и укрепления экономических связей внутри региона, а также между этим регионом и остальным миром. ЕЭК ООН осуществляет свою деятельность в области транспорта, окружающей среды, энергетики, торговли, экономического сотрудничества и интеграции, в том числе и в сфере статистики.

Комиссия оказывает поддержку и помощь статистической системе Казахстана в развитии статистики, в интеграции в международное статистическое сообщество. В 2007-2008 годах совместно с Экономической и социальной комиссией для Азии и Тихого океана проведена глобальная оценка статистической системы Казахстана. В настоящее время Агентство сотрудничает с ЕЭК ООН в новом формате – изучение



*Семинар по распространению показателей ЦРТ в Астане*

методологических аспектов по отраслям статистики и проведение краткосрочных семинаров по завершению работы. Проводятся совместные работы и семинары по методологическим вопросам статистики цен, труда, демографической статистики и т.д. В 2009 году в Астане при содействии ЕЭК ООН были проведены два международных семинара по показателям Целей развития тысячелетия.

Статистика Казахстана ежегодно участвует в пленарных сессиях Конференции европейских статистиков.

### Экономическая и социальная комиссия для Азии и Тихого океана Организации Объединенных Наций (ЭСКАТО)

Одна из региональных комиссий ООН. Комитет по статистике ЭСКАТО занимается вопросами статистики в Азиатско-тихоокеанском регионе. Казахстан является вице-председателем Бюро Комитета на период 2009-2011 годов. В этом контексте, Агентство выступает за укрепление позиций Комитета по статистике ЭСКАТО, как основного регионального координатора статистической деятельности, а также за расширение деятельности Комитета в субрегионе Центральной и Северной Азии по взаимодействию с национальными органами и региональными организациями. Также, в рамках данной организации Казахстан является пилотной страной по статистике нетрудоспособности, принимает участие в семинарах и курсах по отраслям статистики.

### Статистический институт для Азии и Тихого Океана (СИАТО)

СИАТО является уникальной организацией, занимающейся координацией и реализацией повышения квалификации человеческих ресурсов в области статистики. Агентство участвует в краткосрочных курсах по отраслям статистики. Сотрудники Агентства стали слушателями курсов по выборке обследований домашних хозяйств, по экономической статистике, по национальным счетам и т.д. В связи с избранием Агентства в состав Бюро Статистического комитета ЭСКАТО, Статистика Казахстана намерена развивать отношения с СИАТО путем приема региональных семинаров и увеличения количества слушателей со стороны Агентства.

## Фонд народонаселения Организации Объединенных Наций (ЮНФПА)

Международная организация, оказывающая помощь государствам совершенствовать направления здравоохранения, занимающиеся репродуктивным здоровьем, а также службы планирования семьи, действующие на основе индивидуального выбора, и разрабатывающая политику в области народонаселения. Следует отметить, что Статистике Казахстана оказывается постоянная экспертная и финансовая поддержка со стороны ЮНФПА.

## Детский фонд Организации Объединенных Наций (ЮНИСЕФ)

Основная цель работы ЮНИСЕФ – защита прав ребенка и поддержка права детей на безопасное, здоровое и счастливое детство.

Агентством и ЮНИСЕФ в 2006 году проведено Мульти-индикаторное кластерное обследование (МИКО). Данное исследование, впервые проведенное в Казахстане, предоставляет огромный пласт информации в отношении положения детей и женщин в стране. Данные МИКО полезны Правительству, институтам гражданского общества, неправительственным организациям, международным агентствам для планирования и развития социальных программ в интересах детей и женщин.

В настоящее время ведется подготовка по проведению очередного раунда МИКО в Казахстане. В этой связи планируется подписание меморандума о взаимопонимании между Агентством и ЮНИСЕФ.

## Статистическое управление Европейского Союза (Евростат)



В соответствии с Соглашением о партнерстве и сотрудничестве между Европейским Союзом и Республикой Казахстан, двустороннее сотрудничество в области статистики направлено на дальнейшее развитие эффективности статистических систем с целью обеспечения достоверной статистической информации, необхо-

димой для мониторинга процессов экономических преобразований и развития частных предприятий в Республике Казахстан.

Одним из ярких примеров сотрудничества является программа ТАСИС – техническая помощь развивающимся странам. В 1993-2007 годах реализации раундов программы ТАСИС осуществлены 39 проектов по таким направлениям, как статистическая инфраструктура, статистика предприятий, экономическая и социальная статистика. Проведено более 300 мероприятий (консультации, конференции, семинары) с участием около 250 международных экспертов.

После завершения программы ТАСИС, по совместной инициативе Агентства и Евростата было решено продолжить сотрудничество, и в настоящее время ведутся переговоры по подписанию меморандума о взаимопонимании. Также, взаимодействие с Евростатом осуществляется в рамках проектов между СДПК (Содействие в развитии стратегического диалога и программы консультаций в Республике Казахстан) и Правительством РК. К примеру, в ноябре 2008 года осуществлен консультационный визит эксперта из Нидерландов по классификациям и регистрам, а в 2009 году проведена совместная работа по изучению автоматизации расчетов внутреннего валового продукта.

## Межгосударственный статистический комитет СНГ (Статкомитет СНГ)

Основными направлениями деятельности Статкомитета СНГ являются содействие реформированию государственной статистики в государствах-участниках Содружества применительно к осуществляемым социально-экономическим преобразованиям и общепринятой в международной практике системе учета и статистики, а также многосторонний обмен статистической информацией и развитие общего информационно-статистического пространства в рамках Содружества. Взаимодействие с Агентством заключается в совместной координации статистической деятельности и выработке рекомендаций по согласованной методологии, в том числе в обучении кадров, проведении семинаров и других мероприятий, связанных с реформированием государственной статистики, в издании статистических и информационных бюллетеней. В лице председателя, Алихана Смаилова, Агентство входит в состав Совета руководителей статистических служб стран СНГ. В рамках Глобального раунда Программы международного сопоставления 2 апреля 2010 года подписан Меморандум о взаимопо-

нимании между Агентством Республики Казахстан по статистике и Статкомитетом СНГ по проведению международных сопоставлений ВВП в регионе СНГ.

### Всемирный банк

Сотрудничество между Всемирным банком и Агентством проводилось в рамках ежегодных правительственных программ совместных экономических исследований. Агентству было оказано содействие в разработке Статистического мастер плана, была обеспечена методологическая помощь по улучшению статистики бедности, по оценке безработицы и обследованию домашних хозяйств.

В сотрудничестве с Всемирным банком в 2010 году начата работа по комплексному развитию системы статистики Казахстана. На эти цели Всемирным банком будет предоставлен займ. На первом этапе, в целях определения новых задач, будет произведено обновление Статистического мастер плана.

### Международный валютный фонд (МВФ)

Агентство сотрудничает с МВФ в рамках Специального стандарта распространения данных (ССРД). ССРД является инициативой МВФ, представляющей собой крупнейшее хранилище метаданных в мире. Двумя важными требованиями ССРД являются календарь предварительного выпуска, который функционирует в качестве графика распространения, и национальная страница с кратким обзором данных, которая связывает метаданные со значениями показателя.

МВФ проводит учебные курсы по финансовой статистике в Венском институте, а также по национальным счетам в Вашингтоне, где регулярно участвуют наши сотрудники.

### Организация экономического сотрудничества (ОЭС)

С ОЭС Агентство взаимодействует в рамках ежегодного совещания глав статистических служб стран-участниц, встреч экспертных групп, совещаний национальных координаторов по статистике и исследованиям, а также в работе редакционной коллегии ОЭС.

27-28 мая 2010 года в Астане Агентством проводится 2-ое заседание глав статистических служб стран-участниц Организации экономического сотрудничества.




*2-ое совещание глав национальных статистических офисов стран-участниц ОЭС*

## Другие организации

Не менее важно и сотрудничество с остальными международными организациями. Ежегодно Агентство имеет возможность направлять своих специалистов на учебные курсы по повышению квалификации, проводимые Корейским и Японским агентствами по международному сотрудничеству (KOICA и JICA), Турецким агентством по сотруд-



*На курсах JICA*



*Участники семинара TIKA по статистическим классификациям*

ничеству и развитию (TIKA), Объединенным Венским институтом, МВФ и т.д. Проводятся различные совещания в рамках Организации Исламская Конференция и Организации экономического сотрудничества и развития, Международной организации труда. Также Агентство на регулярной основе и по специальным запросам предоставляет заинтересованным организациям статистическую информацию по Казахстану.

## Біздің мекен-жайымыз:

Қазақстан, 010000, Астана қаласы
Министрліктер үйі, Орынбор к-сі 8, 4 кіреберіс
Телефон: +7 (7172) 74 90 16
Факс: +7 (7172) 74 94 94
Электрондық пошта: statistika@stat.kz

## Халықаралық байланыстар басқармасы:

Телефон: +7 (7172) 74 95 03, 74 93 38
Факс: +7 (7172) 74 95 03
Электрондық пошта: A.Kozhakhmetova@stat.kz



## Наши координаты:

Казахстан, Астана 010000
Ул. Орынбор 8, Дом Министерств, подъезд 4
Телефон: +7 (7172) 74 90 16
Факс: +7 (7172) 74 94 94
Электронная почта: statistika@stat.kz

## Контакты Управления международных связей:

Телефон: +7 (7172) 74 95 03, 74 93 38
Факс: +7 (7172) 74 95 03
Электронная почта: A.Kozhakhmetova@stat.kz

www.stat.gov.kz